

КҮН ТӘРТІБІ

НАҚТЫ МІНДЕТТЕР
ЖҮКТЕЛДІ

2-бет

ӘР ТАРАПТАН

«БІЛЕУТІ-2021»:
І КЕЗЕҢ СӘТТІ АЯҚТАЛДЫ

4-бет

ӘР ТАРАПТАН

ВАКЦИНА АЛУ – ЖОҒАРЫ
ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ КӨРІНІСІ

4-бет

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАҚ ЕМЕС

Қала әкімі Қайрат ӘБСАТТАРОВтың шаһар тізгінін қолға алғанына да бір жылдың жүзі болды. Қала күнінде БАҚ өкілдері және қоғам белсенділерімен жүздесіп, бірқатар маңызды мәселелерге толығырақ тоқталуды жоспаған ол бірқатар маңызды мәселелер бойынша тұжырымды ойы және жүйелі жоспарлар легімен бөлісті.



Брифинг барысында қаланың әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны оңалып келе жатқанын тілге тиек еткен қала әкімі «Сарыарқаның мыс күмбезі» атанған мекенге келіп, туған жерінің игілігі үшін еңбек етіп жатқанын мақтан ететінін жеткізді. Одан әрі қыркүйектің алғашқы күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» деп аталатын Қазақстан халқына Жолдауы жөнінде өз ойымен бөлісті. Президент Үндеуінде айтылған толғамды мәселелерді біржақты етіп, жана идеяларды жүзеге асыру жолында аянбай еңбек ететінін айтқан Қайрат Бектайұлы Жезқазғанның жетпіс жылдық мерейтойына орай «70 жылдыққа — 70 игі іс» бағдарламасы аясында бірқатар жобалар жүзеге асатынын айтты.

Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің арасынан алғашқы болып сауалын жолдаған «Жезқазғанский вестник» газетінің бас редакторы Эльвира Алпанбаева қатері көп онкологиялық ауруға шалдығушылар саны мол қаламызда аталған дертті емдеуге арналған аурухана құрылысы қашан басталатынын сұрады.

Көптен бері айтылып келе жатқан мәселе облыс әкімі Жеңіс Қасымбектің

бастамасымен оң қолдауға ие болғаны туралы хабарды сүйіншілеген Қайрат Бектайұлы бұрынғы оңалту орталығының ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, онда онкология орталығы құрылатынын айтты. 45 орынға шақталған орталыққа жергілікті мамандармен қатар облыс орталығынан 14 дәрігер жұмылдырылмақ.

Жезқазғандағы ауыз су мәселесі де көп жылдардан бері нақты шешілмей келеді. Халық шүмектен аққан ауыз суды пайдалана алмағандықтан, сүзгіленген суды сатып алып, тұтынуға мәжбүр. Бұл жайт қашанға дейін жалғаса бермек екенін сұраған Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетінің бас редакторы Нұрлан Исмайыловтың сауалына, қала әкімі қалаишілік су құбырларының жаңартылып жатқанын жеткізді.

— Су құбыры желілерінің 70 пайыздан астамының тозуы ескеріліп, Үкімет тарапынан «Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» аясында республикалық бюджеттен біздің қаламызға 2017 жылдан бастап 9 млрд 400 млн теңге бөлу жоспарланған. Жаңартуға жобаланған желілердің жалпы ұзындығы 218 км-ді құрайды. Бүгінде мұндағы жалпы жұмыстардың 68 пайызы орындалды.

2022 жылдың соңына қала толықтай жана су желісіне қосылатын болады. Бұған қоса Үйтас-Айдос су құбырын жаңарту және Есқұла суын жеткізу арқылы ауысу сапасын арттыруға қол жеткізіміз, — деген әкім 2023 жылға Кеңгір су қоймасын шөгінділерден тазарту да жоспарда барын еске салды.

Газетіміздің редакциясы жолдаған сауалдардың қатарында Кеңгір су қоймасы жағасында жасыл желектердің күтімі туралы да сауал болды. Сұғарымай сарғюға ұшыраған желектерді сұғаруға және күтіп ұстауға, өкінішке орай, мемлекет тарапынан қаражат қарастырылмағанын хабарлар болды. Дегенмен бүгінгі таңда жағалаудағы ағаштарды тамшылау жүйесімен суару бойынша жоба әзірлену үстінде. Ол демеушілік қаражат есебінен жүзеге асырылатын болады. Осы бойынша «Қазақмыс» корпорациясымен келіссөздер жүргізілуде. Жоба құпталған жағдайда жағалаудағы жасыл желектерді күтіп-баптау жұмыстарына мемлекеттік сатып алу заңы аясында мердігерлер тартылатын болады.

Брифинг барысында қаланың кейбір бөліктерінде тозығы жеткен жылу желілерін жаңартуға қатысты да бірқатар сұрақтар қойылды.


— «Өңірлерді 2025 жылға дейін дамыту» бағдарламасы бойынша жылу желілерінің 2 кезегін қайта жаңарту жүргізілді, іске асыру кезеңі – 2019-2022 жылдар. Жалпы құны – 4,7 млрд теңге. Қайта құрылатын құбырлардың ұзындығы – 11,4 км. Оның 4,3 км қайта жаңартылды. Қайта құру учаскелеріне сорғы станцияларынан орамдық желілерге дейінгі №3, 9, 11 жылу магистральдары кіреді. Аталған жұмыстарды аяқтау барысында нормативтік техникалық ысыраптардың деңгейін төмендетуге қол жеткізетін боламыз. Жылу беретін құбырлардың сенімділігі биылдың өзінде 20 пайызға артады, — деген Қайрат Бектайұлы «Saryarqa» газ магистралінің жұмысы жезді қалада 2025 жылға дейін толық аяқталатынын да айтып өтті. Демек бірер жылда жезқазғандықтар толығымен көгілдір отынның қызғын көретін болады.

Брифинг барысында Қайрат Бектайұлына қаланың экономикалық жағдайымен қатар мәдени дамуына қатысты да сұрақтар қойылып, сауалдарға тұщымды жауаптар берілді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

► 2-бетте

8 ҚЫРКҮЙЕК – ҚАЛА КҮНІ



ҚҰШАҒЫ БЕРЕКЕ МЕН МЕРЕКЕГЕ ТОЛЫ

Жезқазған! Менің сүйікті мекенім, береке мен бақыттың ордасы. Сарыарқа төсінде орналасқан осынау Жезқазған атты қала шағын да болса, шрайлы, әсем, абыройлы жұрттың атамекені. Өнер мен өндірістің ошағына айналып, талай дарынды, талай ғалымды дүниеге әкеліп, қанаттарын қақтырған, биікке жол ашқан қаламыздың әрбір жетістігіне шын жүректен қуанып, кейбір «әттеген-ай» дейтін тұстар орын алса, алаң білдіріп отырамын. Себебі бұл қала маған соншалықты қымбат, соншалықты ыстық.

Жезқазған — жыр қайнармы, мыс балқып қойнауында тулайды ағын.

Көзіңдей батыр мінез бабалардың ұлы – мәрт, қызы – көркем нұрлы аймағым! — деп қазақтың біртуар ақын қызы Фариза Оңғарсынова жырга қосқан осынау мысты шаһарға мен 1961 жылы келдім. Оқу үшін келген мен осы мекенде күні бүгінге дейін өмір сүріп жатырмын. Мені оның қасиетке толы ыстық топырағы, тағылымды тарихпен үндестіруіне қасиетіне ұстап қалған болар, сірә! Мен анамдай болған Жезқазғанның бауырына тереңнен еніп, оны өзге ешбір жерге айырбастамадым.

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҒЫ ЗЕРТТЕЛЕДІ

Ел экономикасы жер асты қазба байлықтарына тәуелді біздің еліміз үшін үздіксіз жаңа кен орындарын тауып, минералды шикізат көздерін ашудың маңызы өте зор. Осы мақсатта «Қазақмыс Барлау» компаниясы қиын да күрделі қыруар шаралар атқарып келеді. 2018 жылы қараша айында құрылған компания 2030 жылға дейін 5 млн тонна мыс алуға жететін шикізат қорын қалыптастыруды мақсат еткен. Соның аясында 14 жоба жүзеге асуда.

Бүгінгі таңда өзге де қоғам салалары сынды пайдалы қазбалар қорын барлауда заманауи технологияларды пайдалану өз тиімділігін барынша дәлелдеп отыр. Солардың ішінде аэрогеофизикалық жұмыстар жиі қолданылады.

«Қазақмыс» корпорациясы директорлар кеңесінің шешімімен тамыз айынан бастап «Qazaq Geophysics» ЖШС құрылып, Қара-

ғанды, Жезқазған, Балқаш өңірлерінде аэрогеофизикалық зерттеулерін бастаған болатын. Бұған қанадалық ғалымдар жұмылдырылды.

Алғашқы зерттеу нысаны ретінде Жезқазған аймағы таңдалған. Мұны «Қазақмыс Барлау» компаниясының бас директоры Ғалым Нұржанов Жезқазған аумағының үлкендігімен, соған сай мұнда атқарылар жұмыстар да күрделілігімен ерек-

шеленетіндігінен деп түсіндірді.

— Жалпы үш аймақ бойынша 15000 шақырым жерге аэрогеофизикалық барлау жүргізіледі. Осы мақсатта Канадада жасалатын аэрогеофизика құрылғысын алдырттық. Ол тікұшаққа жалғанып, жерді фотоға түсіру арқылы пайдалы қазбалар көзін анықтауға қауқарлы. Осынау әуе блогы көмегімен 1,5 км-ге дейінгі тереңдіктегі жер қыртысына талдау жасап, деректердің жеделдігі мен жоғары дәлдігін қамтамасыз ете алатын боламыз. Жезқазған маңы, Жыланды, Жаман айбат кен орындары мен Қарсақбай жеріне баса назар аударылады. Жаңа кен орындары анықталса, Жезқазғанда жаңа жұмыс орындары да көптеп ашылатын болады, — деген Ғалым Нұржанов біздің аймағымызда мыспен қатар алтын, күміс, мырыш, корғасын қоры табылуы мүмкін екенін айтты.

«Мобильді-магнитті теориялық жүйе» деп аталатын канадалық компанияның ғалымдары өз тәжірибелерін қазақстандық геофизиктерге, соның ішінде жезқазғандық мамандарға да үйретіп жатқан көрінеді.

— Бұл жобаның бір ерекшелігі

— аса көп жұмыс күшін қажет етпейтіндігінде. Тікұшақтағы ұшықшы пен оператор болса жеткілікті. Дегенмен 50 шақты маман даярлықтан өтуде. Канадалық мамандар оларға арнайы сабақтар ұйымдастырып, тәжірибе жүзінде де бағыт-бағдар беруде. Қазірдің өзінде 50 шақты маман даярлықтан өтіп жатыр. Олардың ішінде жезқазғандықтар өз біліктіліктерін жоғары деңгейде дәлелдеп үлгерді, — дейді «Qazaq Geophysics» ЖШС-ның аға инженері Олег Бабишин.

Оңтүстік Америкадағы Перу, Чили және Солтүстік Америка құрлығындағы АҚШ, Канада, сондай-ақ Канада, Ресей, Қырғызстан мемлекеттерінде түрлі деңгейдегі жобаларды сәтті аяқтаған канадалық құрылғы «Мобильді-магнитті теориялық жүйе» компаниясының нарықта пайда болғанына 4 жыл болыпты. Жезқазған аймағындағы жарты жылдық жұмысты әуе блогының көмегімен 15 күнде аяқтауды жоспарлап отырған компания басшылығы ауа райы кедергі болмаса, белгіленген уақыттан аспайтындарын айтты.

Өз тілшіміз.



НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров және бөлім басшыларының қатысуымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларды жүзеге асыруға арналған актив жиыны өтті.



Жолдауда нақтыланған мәселелердің бірі – пандемиядан кейінгі ел экономикасын құлдыратып алмау. Еліміздің Орталық Азиядағы көшбасшылық рөлін күшейтіп, әлемдік экономикадағы орнын нығайтуды басты стратегиялық мақсаты ретінде айқындаған Президентіміз кең ауқымды, жаңа Ұлттық жобалар құрылатынын айтқан болатын. (Қарапайым заттар экономикасы) және «Бизнесің жол картасы» бағдарламаларының мерзімі 2022 жылға дейін ұзартылады. Бұл мақсатқа 1 трлн теңге бөлінеді. Тек жыл басынан бастап «Бизнесің жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы арқылы 996 млн теңгеге 137 жоба қолдау тауып отыр. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы да өз тиімділігін дәлелдеп, 580 млн теңгелік 6 жобаның жүзеге асуына себепші болды. Аталған бағдарламалардың жүзеге асуының нәтижесінде 5 мыңнан астам жұмыс орны сақталып, 1500-ге жуық жаңа жұмыс орындары құрылған.

Актив басында Жолдауда айтылған ауылшаруашылығы жайында кеңінен тоқталған Қайрат Бектайұлы қаламыз бойынша осы салаға қатысты ұйымдастырылып жатқан бірқатар жобаларға тоқталып өтті.

– Жолдауда айтылғандай, ауыл шаруашылығы саласының басты міндеті – елімізді негізгі азық-түлік өнімдерін толық қамтамасыз ету. Бұл мақсатта ағымдағы жылы 2 инвестициялық жоба іске қосылады. Бұл «Самади 2030» ЖШС-нің үн өндіру кешені және «Ахтымов» ШҚ-ның құс етін өндіру фабрикасы. Ауылдық округтерде шаруа қожалықтары және жеке шаруашылықтармен 45 гектарға картоп пен көкөніс, сонымен қатар, бақша дақылдары егілді. Бүгінгі таңда 3 тонна картоп пен көкөніс, 7 тонна бақша дақылдары жиналып отыр. Жалпы, 65 тонна картоп пен көкөніс, 3 тонна бақша дақылдарын жинап алу күтілуде, – деген

қала әкімі шағын және орта бизнесті дамытуға айрықша көңіл бөлінетінін жеткізді.

Индустриалды-инновациялық даму жоспары аясында да бірқатар тың жобалар жүзеге асырылмақ. Биыл қала бойынша жалпы құны 9,8 млрд теңге құрайтын 3 инвестициялық жоба іске қосылады. Олар: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС-нің мыс концентратын гидрометаллургия әдісімен өңдеу тәжірибелік зауыты, «С и Жест» ЖШС-нің құрылыс жабдықтарын өндіру зауыты және «Казхимсинтез» ЖШС-нің өндірістік реагент өндіретін химиялық зауыты. Аталған жобаларды жүзеге асыру арқылы 277 жаңа жұмыс орны ашылатын болады.

Актив жиынын одан әрі жалғастыратын қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Виктория Ставицкая биыл қала бюджетінің 2019 жылға

қарағанда 1,3 есеге көбейіп, 27,2 млрд теңгені құрағанын айтты. «Ашық бюджет» жобасы аясында қала тұрғындары бөлінген қаржының игерілу барысын қадағалау мүмкіндігіне ие екенін еске салған ол, қаладағы абааттандыру және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамытуға жіті назар аударылатынына сендірді.

Одан әрі білім беру, денсаулық сақтау, экология, ауылшаруашылығы салаларына қатысты бөлім басшыларының баяндамалары тыңдалып, атқарылып жатқан жұмыстар барысы талқыланды.

Қала басшысы актив жиыны соңында бөлім басшыларына Жолдауда көтерілген мәселелер бойынша бірқатар міндеттер жүктеп, жүйелі жұмыс барысын ұйымдастыруды тапсырды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЖОЛДАУ

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ ЕЛ ДАМУЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫН АЙҚЫНДАДЫ

Білім күнімен тұспа-тұс келген Мемлекет басшысының халыққа Жолдауы болашаққа деген сенімге серпін бере түсті. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі өзекті мәселелерді, оны шешу жолдарын, басым бағыттарын Жолдауда атап өтті. Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен айықталатын мерейлі жылда жарияланып жатқан Жолдауда Ел Президенті: «Тәуелсіздік дегеніміз жалаң ұран мен жалынды сөз емес. Біз үшін ең маңыздысы әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық, сондай-ақ халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы» деп атап өтті. Шынымен де, елдегі тұрақтылық, тыныштық арқылы ғана Тәуелсіздіктің игілігін көре аламыз. «Бірлік бар жерде – тірлік бар» дегендей, бірлігіміз жараса еңбек етіп, ел дәулетін еселей түсеміз.

Былтырғы жылғы Жолдау биылғы жылғы Жолдауда жалғасын тауып жатыр. Мәселен, алдыңғы жылғы Жолдауда берілген тапсырмаға сәйкес биыл тұңғыш рет елімізде ауыл әкімдерінің сайлауы өтіп демократияның даңғыл жолына түстік, алдағы уақытта Президент аудан әкімдерінің сайлауын өткізу қажеттілігін атап өтті. Елдің сеніміне ие болған әкімдер сол сенімнің үдесінен шығуға тырысатындығын ескерсек, бұл жағдайда ұтпасқа ұтымсымыз анық.

Президент Жолдауындағы тағы бір жақсы жаңалық, ол ең төменгі айлық деңгейінің 42500 теңгеден 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап 60 мың теңгеге өсуі. Өдетте айлық көтерілес азық-түлік бағасының шарықтап кететіні тағы бар. Осы жерде де Жолдауда азық-түлік бағасын реттеп тұратын нақты механизмді іске қосып, оны қадағалайтын арнайы орган белгілеуді тапсырды, әрі бұл жұмысты орындауға 1 ай уақыт берді.

Қалалардың инфрақұрылымын модернизациялау қажеттілігі де айтылып, нақты жолдары көрсетілді. Халыққа қажетті су, газ мәселесіне қатысты тың жобалар игеріле бастайтыны қуантады. Сондай-ақ Жолдауда мұғалімдерді, жас дарынды оқушыларды қолдау жөнінде бірқатар жақсы ұсыныстар айтылды. Білімі мен ғылымына қолдау болған елдің болашағы да жарқын деп ой түйдім.

Мереке МЫРЗАБЕКОВА,
«Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімі»
ММ басшысы

БІЛІМДІ ҰРПАҚ – КЕМЕЛ ҰЛТТЫҢ КЕПІЛІ

Билімі Жолдаудың Білім күнімен қатар келуі әрбір азаматтың, оның ішінде, ұстаздар қауымының ерекше назарын аударды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында отандық білім мен ғылымның алдында ауқымды міндеттер тұрғанын атап өтті. Мемлекет басшысы бүкіл әлемді алаңдатып отырған індетпен күрес жолдарын, осы індеттің біздің елімізге әкелген зияны мен зардабын айта келіп, Үкіметке жүз мыңнан астам жаңа ІТ-мамандарын даярлауды тапсырды. Ол дегеніміз, әсіресе, бүгінгідей індет белең алып тұрған тұста еліміздің білім саласына және тағы да басқа салалардың дамуына зор септігін тигізбек. Себебі, қазіргі таңда ІТ-мамандарының тапшылығы айқын сезіліп отыр. Бүгінгі күні ақпараттық технологиялар ерекше назар аударуды қажет ететін бағыттардың бірі екенін атап айтқаны қуантарлық жағдай.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында: «Биыл бірнеше оқушы халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды. Ондай дарынды балаларға жан-жақты қолдау көрсету қажет. Біз оларға жоғары оқу орнына түсу үшін конкурстан тыс гранттар береміз. Бір реттік ақшалай сыйақы да төлейміз. Балалардың ұстаздарына да моральдық және материалдық тұрғыдан ынталандырып жөн. Тұрмысы төмен отбасында өсіп жатқан балаларға орта білім берудің жалпыға міндетті стандарттары аясында қолдау көрсету айрықша маңызды», – деп, халықаралық пәндік олимпиадаларда оза шапқан оқушыларға барлық жағдай жасалып, ұстаздарына да қолдау көрсету қажеттігін айта келіп, мұғалімдерді қазіргідей 5 жылда ерек, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізу керектігін, бұл ретте, ұстаздардың құрған өту үшін өз қалтасынан ақша төлеуіне жол берілмейтінін атап өтті. Сондай-ақ, Жолдауда айтылғандай білім саласындағы басты мәселенің бірі – ұстаздар жалақысы болатын. Ел Президенті бұл мәселе төңірегінде «Мен 2021 жылдың қантар айынан бастап мұғалімдердің еңбекақысын 25 пайызға көбейту жөнінде шешім қабылдадым. Жалақы мөлшері алдағы уақытта да арта береді. Бұл мақсатқа алдағы үш жылда қосымша 1,2 трлн теңге бөлінеді», – деп, ұлағатты жандарға деген құрметін көрсетті.

Мен Қазақстанның болашағына, Президенттің реформаларына, бастамаларына зор сенім білдіре отырып, Жолдауда айтылған маңызды мәселелерді жүзеге асыру арқайсымыздың абыройлы борышымыз екенін айтқым келеді.

Ақнұр БАЛҒЫМБЕКОВА,
Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі


ЖАС БОКСШЫЛАРЫМЫЗ ЖАРАДЫ

Мысты шаһар боксшыларының қай кезде де бәсі биік. Спорттық жолы даңққа толы аға буын өкілдерінің ізін жалғазған жастарымыз республикалық, халықаралық додаларда топ жарып келеді. Соның бір дәлелі - Біріккен Араб Әмірліктерінің Дубай қаласында өткен бокстан Азия Чемпионатында жүзден жүсірік, мыңнан тұлпар шыққан Дамир Байпақов пен Аниита Адиеваның жеңісі.

48 келі салмақта қарсыласын қапы қалдырған ару Аниита – Кенгір ауылының тумасы.

– Аталған чемпионатта бірінші Әзірбайжан боксшысымен жеке-жеке шықтым. Оны 5:0 есебімен жеңген болатынмын. Одан кейінгі қарсыластарда әлсіз болмады. Финалда өзбек қызымен жүдырықтастым. Ол да осал болмады. Дегенмен бұл жолы да жолым болып, 5:0 ұпайын қайталадым. Осындай дәрежеге жетуіме себепкер болған ата-анам мен бапкерлеріме мың алғыс, – дейді ол.

Анитаның бапкері – Айдар Сайдалиев. Анитаның боксқа деген қызығушылығы 2018 жылы өзі оқитын № 2 Кенгір орта мектебінен бокс үйірмесінің ашылуымен оянда. Содан бері үздіксіз дайындықтың нәтижесінде осынау физиологиялық тұрғыдан қауіпті спорт түрінің қыр-сырын меңгерген ол бүгінде қаламыздағы мамандандырылған олимп-



пиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер мектебінде де тәрбиеленуде. Ол бокспен айналған жылдар мен қазіргі таңда бірнеше дүркін қалалық, облыстық, республикалық жарыстардың жеңімпазы мен жүлдегері атанды. Осындай жетістіктерінің арқасында Жезқазған қаласының ғана емес, Қарағанды облысы спортының даңқын көтеруде. Осы уақыт аралығында Аниита Аманбайқызы өзін тек еңбеккер, саналы спортшы, тұрақты түрде жоғарғы спорт нәтижелерін көрсете білді.

Таланты қыз өткен жылы Қазақстан спорт шеберіне үміткер атағын алды.

Финалға жолдама алған Дамир Байпақов үшін бүкіл Жезқазған жұрты тақымын қысып, тілеулес болды. Ел сенімін ақтаған қайсар жігіт те спорттағы досы, әлемдік додалардағы серігіне айналған Аниитадан қалыспай қоржынға алтын медальын салды. Жас та болса намысқа тырысып, жеңіс жалауын желбіреткен балғары қолғап шеберін қала әкімі құттықтап, болашағына зор сенім білдірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ҚҰШАҒЫ БЕРЕКЕ МЕН МЕРЕКЕГЕ ТОЛЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мен алғаш бұл қалаға келген сәтте Жезқазған қарыштап дамып жатыр еді. Ол кездері мұнда еліміздің түпкір-түпкірінен жастар оқуға, жұмыс істеуге келетін. Солардың қатарында болған мен де № 13 кәсіптік-техникалық училищенің құрылысы мамандығына оқуға түстім. Қарапайым құрылыстан бригадир, құрылыс шебері, прораб қызметтеріне дейін көтерілдім. Қала менің көз алдыма қалыптасты. Осында салынған әрбір құрылыстың іргетасы қаланған сәттен, есігі ашылғанға дейін көз алдыма. Кейде сол кездердегі қызу тірлік ортасындағы Жезқазғанды сағына еске аламын.

Жезқазған облысы болып тұрған сәтте қаладағы педагогикалық және политехникалық қос институтқа сан түрлі аймақтардан білім іздеген жастар келетін. Орталықта орналасқан облысқа келуге көбі құптар еді. Жан-жақтан келген жастар өзара пікір алмасып, достасып, бірін-бірі ұнатқан қыз-жігіттер шаңырақ көтеріп, үбірлі-шүбірлі отбасыға айналып жататын. Бұрынғыдай басқа облыстардан келетін жастар көп болмағанымен, Жезқазғанның жалыны әлі де өшкен жоқ. Ол өшпейді де! Оншақты жыл тоқтап қалған қала құрылысы соңғы екі-үш жыл көлемінде қайта жанданды. Жаңа ғимараттар бой көтеруде. Соған қарап үміт шырағы қайта тұтанғандай болды.

Мен Жезқазғандағы 1-орманнан бастап барлық ықшамаудандардың құрылысына қатыстым. Солар арқылы қала түзілді. Мысалы, барлығымыз қызыға көз тастайтын 6-орманның тұрғызылуы Қарсақбайдағы мыс қорыту зауыты жұмысының тоқтауымен байланысты. Мұны бірі білсе, бірі білмес. Бұл жердегі үй-

лердің көбі өткен ғасырдың 70-80 жылдар аралығында бой көтерді. Қарсақбайдағы зауыт жабылғаннан кейін Жезқазғанға 1000-нан аса халық көшіп келді. Оларға арнап әкімдік ғимаратының сол жағынан жаңа ықшама аудан салынды. Алғашқы жылдары бұл ауданда тек қарсақбайлықтар тұратын. Кейіннен халық араласты. Көшіп келген халыққа арнап қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі мен № 3 жалпы білім беретін мектебі ашылды. Алғашында қазақ және орыс мектебі болып ашылған бұл мектептің алғашқысы әйгілі геолог Қаныш Имантайұлының есімін иеленді. Екіншісі аралас мектепке айналды. № 3 мектепте қазақ сыныптарының көптеп ашылуы – қуантарлық жайт.

Мен Кенгір су қоймасы жанынан Жезқазған атты қаланы салып шығарған Социалистік Еңбек Ері Василий Раков-

ский, Қошқарбай Тастанбеков, Асқар Шынтуринов, Айса Әбдірахманов, Ермак Шынтуринов, Науан Нысанбаев, Тұрсын Тоғызбаев сынды құрылысшылар еңбегінің алдында бас иемін. Олар өз ісіне шын берілген нағыз еңбек адамдары еді. Әр қалаған кірпішіне мол жауапкершілікпен қарап, ісін мұқият әрі сапалы істейтін олардың ізі жойылмай, артынан ерген ұрпақтары мен шәкірттері қаламыздың дамуына үлестерін қоса берсе екен деген тілегім бар.

Ұлытаудың онтүстік-шығысында, Қаракенгір және Сарыкенгір өзендерінің бастауында орналасқан мыс ордасына биыл – 67 жыл. Бұл жер Бетпақаланың солтүстік-батысына жатады. Қаладан терістікке қарай шыға калсаңыз, біршама жазық болғанымен, одан әрі биік адырлы, терең сайлы тау жоталары басталады. Ұлытауға барар жолда орналасқан

тарихи-мәдени ескерткіштер көп. Талай әулие-әнбие, қасиетті, қадірлі жандардың сүйегі жатқан киелі мекеннің құдіретіне тамсанбауыңыз әсте мүмкін емес.

Мен өз бақытымды Жезқазғаннан тапқан жаным. Осында отбасылы болып, ұрпағымды өрбіттім. Баяғы оқу іздеп келген жасөспірімнен өз ошағын осы қалада тұтатып, шежірелі әулет шырағын жандырды. Ендігі тілерім – еліміздің амандығы, жұртымыздың тыныштығы. Сүйікті қалам Жезқазғандың дами берсе екен деймін. Қала әлеуетін көтерер білімді жастарымыз мол болсын! Баршаңызды Жезқазған қаласының туған күнімен шын жүректен құттықтаймын! Дендеріңіз сау, отбасыларыңыз аман, әр істеріңіз табысты болғай!

Аманкелді ЗАМЕКБАЕВ,
ардагер құрылысшы



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Шәріп Ахмедияұлы НАУРЫЗБАЕВ!

Сәрсенқұл Кенбайқызы ДАЛБАЕВА!

Ермек Қаржаубайұлы ЖАКУПОВ!

Сіздерді 50 жас мерейтойларыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!
Бастарыңызға амандық, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға шаттық тілейміз! Ұрпақтарыңыздың сый-құрметіне бөленіп, аман-есен жүре беріңіздер!

Тілек білдірушілер: Теректі ауылының 1989 жылғы тулектері.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Әсел Қуайжанқызы ТҮСПЕБЕКОВА!

Сені мерейлі туған күніңмен құттықтаймыз! Шаңырағыңа құт-береке, отбасыңа амандық, деніңе саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз!

Ізгі тілекпен: «Жомарт» кеніші 1-ші ствол ұжымы

ЖЕМҚОРЛЫҚ



ӘСКЕРИ ОРТАДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН-АЛУДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАР

Ертенгі күніміз кешегі өткен сәтпен, бүгінгі жасап жатқан ісімізбен тығыз байланысты. Айтарлықтай еліміздің болашағы, Отанымыздың тыныштығы – Отан алдындағы әр атқа мінер азамат пен азаматшалардың қасиетті борышы мен негізгі міндеті. Ұлы қазақ жерін, Қазақстан елін сан ғасырлар бойы ата-бабамыздың қорғаған шекарасы, тау-тасы, кең байтақ өлкесі оскелең ұрпаққа баға жетпес мұра. Қанымыз тамған, теріміз сіңген Алтайдан Атырауға дейінгі Алаш елі, Сарыарқасы бақымызға бұйырған бақ.

Ендігі кезекте бұл мекеннің көк туын биікке желбірету бізге,

яғни Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі құрамындағы әрбір әскери қызметші алдындағы міндет.

Осы күні Қарағанды өңірлік гарнизоны әскери полиция басқармасының анықтау және іздестіру бөлімінің аға офицерлері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлімінің бастығымен, Қарағанды гарнизонында орналасқан әскери бөлімдер мен мекемелердегі барлық санаттағы әскери қызметшілердің тарапынан қылмыстық (ҚР Қылмыстық Кодексінің 18-тарауы), әкімшілік қуқық бұзушылықтар жақсамау және тәртіптік жазаға бой


алдырмау мақсатында, бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кетпеу және «Сыбайлас жемқорлық – бұл тек жүйені ғана емес, кез-келген мемлекеттің негізін жоюшы факторлардың бірі» тақырыбында күнделікті алдын-алу, ескерту, жолын кеуіс іс-шаралары ұйымдастырылуда. Аталған жұмыстардың басты мақсаты, әскери қызметшілердің Отан қорғау алдында дұрыс жолдан тайынбауына өз үлесімізді тигізу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың әскери ортада тамыр жайғандағы зардабының қандай ауқымда болатыны туралы жұткізу.

Бауыржан Момышұлы атамандың сөзімен қорытындылайтын болсақ, «Ерлік – табиғат сыйы емес, саналы әскери тәрбиенің жемісі, Отан алдындағы қасиетті парызыңды орындау үшін адамзаттың ең асыл сезімімен жігерленіп, өзінді саналы түрде қауіп-қатерге бас тігуге мәжбүр етудің нәтижесі».

Қарағанды өңірлік гарнизоны әскери полиция басқармасының офицерлері: Ж. ҚАЙДАРҰЛЫ, Әділет подполковнигі, Б. МАМАНОВ, Әділет аға лейтенанты

Руслан Борисович ЮН

Белгілі кенші, техника ғылымдарының докторы Юн Руслан Борисович өмірден өтті.



Руслан Борисович Юн 1953 жылы Қарағанды облысының Атасу кентінде дүниеге келген.

Руслан Борисович 1975 жылы Қарағанды политехникалық институтын «Пайдалы қазбалар мен кен орындарын жер астында игерудің кешенді механизациясы және технологиясы» мамандығы бойынша бітіргеннен кейін өзінің бүкіл саналы өмірін тау-кен ісіне арнады. Еңбек жолын Жезқазған өңірінде тазарту забойында тау-кен жұмысшысы болып бастады, одан әрі тау-кен шебері, учаске бастығы, бас инженер, Шығыс Жезқазған кенішінің шахтасының бастығы, Шығыс Жезқазған және Оңтүстік Жезқазған кенішінің Жезқазған кен-металлургиялық комбинатының бас инженері, директоры болып жұмыс істеді және 1993 жылдан бастап әлемдік деңгейдегі мыс өндіруші компанияның жоғары басшылығының құрамына кірді. 2003 жылғы желтоқсан мен 2006 жылғы тамыз аралығында «Қазқмыс» корпорациясы» ЖШС басқарма төрағасы қызметін атқарды.

Жезқазғандықтар Руслан Борисовичті Тәуелсіз Қазақстан экономикасының дамуына үлес қосқан кәсіпқой, тау-кен өндірісінің білікті басқарушысы ретінде біледі. Ол бүгінде бүкіл Қазақстанның өнеркәсіптік әлеуетінің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін отандық экономиканың флагманы болып табылатын әлемдік ірі мыс өндіруші «Қазқмыс» корпорациясының қалыптасуының бастауында болып, ерен еңбек үлгісін көрсетті.

Руслан Юн 34 өнертабыс пен патенттің авторы, тау-кен өндіру өнеркәсібі саласында 14-тен астам жарияланым бар, «Құрмет» орденімен марапатталған, ҚР Министрлер кабинеті сыйлығының лауреаты, «Біз байытушылармыз» кітабының авторы.

Руслан Борисович кеншілерге, металлургиягерге, қатар еңбек еткен және оның жанында болған барлық адамдарға деген қамқорлығымен ерекшеленді. Өріптері, достары, жерлестері оны ұйымдастырушылық таланты, ақыл-парасаты мен кәсібилігі, қолға алған ісіне деген адалдығы үшін құрметтеді. Оның бүкіл өмірі мен кәсіби қызметі адамдардың мүдделеріне жанаңырлықпен қызмет етудің, тапсырылған міндетке жауапкершілікпен қараудың жарқын үлгісі болып табылады.

Жезқазған шындығында оның туған үйіне айналды. Руслан Юн жергілікті салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды бойына сіңіре отырып, арқашан осы қасиетті жерге деген сүйіспеншілігін ісімен дәлелдеп отырды.

Осы бір қаралы күні біз Руслан Борисовичтің туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз. Руслан Борисовичтің жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі қалады.

К.Б. Әбсаттаров, А.М. Досанов, Е.Г. Қусайынов, Б.Ж. Төребеков, З.Ж. Ақылбекова, В. А. Цветков, Т.Н. Бүкіров, С.У. Қожамсейітов, Б.Т. Мырзабеков, М.С. Қазанбаев, В. Н. Сенни, Ж. Ж. Жақанов, Ж. С. С. Абитов, Л. Ю. Ракутин, К. В. Пригодич, У. Әлмағанбетов, Н.И. Ильясов, С.В. Филиппович.

Руслан Борисович ЮН

Руслан Борисович Юн Жезқазған кен өндірісінің біздің дәуіріміздегі аса көрнекті көшбасшысы еді. Қарапайым кен шеберінен «Қазқмыс» корпорациясының Бас басқарушысына дейінгі баспалдақтардың бәрін өткен ол білімділігі мен білгірлігіне қоса шебер ұйымдастырушы да бола білді.

Бәрінен де маңыздысы оның азаматтық тұлғасы, парасатты адамгершілік қасиеті, оның жұмыскерлерге, қасындағы әріптестеріне, дос-жарандарына деген қамқор көңілі, адал жүрегі, әділ көзқарасы әрқашан оны құрмет пен абыройға бөледі. Біздің білуімізше, қарапайым кеншілер, байытушылар мен металлургиягер арасында кейінгі уақытта нақ ол тәрізді қарапайым халықтың құрметін соншалықты иелеген басшы бола қойған жоқ.

Руслан Борисовичтің өмірден өткені туралы хабар көңілімізді құлазытып, жүрегімізді ауыртып кетті. Қиналамыз, қинаймыз, бірақ, қолдан келер қайран жоқ. Жазмыштың жазуы солай.


Оның отбасына, бауырларына, туған-туыскандарына қазана ортақтасып, қатты қайғырып көңіл айтамыз.

Руслан Борисовичтің жарқын бейнесі ешуақытта ұмытылмас!

Мұхамбет Көпеев, Құдайберген Жаңылбаев, Сәбек Әлменбетов, Жакия Күнеділов, Асылбек Нұралин, Ідіріс Омаров, Аспандияр Дәрібаев, Абдрахман Томпаев, Сәбит Бымағамбетов, Самат Болатқұлов, Назымбек Хамзин, Қажымұқан Атанаев, Сәлі Егізтаев.

Руслан Борисович ЮН

ІСКЕР ДЕ, ҚАЙЫРЫМДЫ АЗАМАТ ЕДІ ...



Жезқазғанның тау-кен өндірісі саласына еңбегі сіңген азамат Руслан Борисович Юн дүниеден өтті.

Руслан Борисовичпен сонау Оңтүстік-Жезқазған кенішінде директор болып жүргенде танымал едік. Мен ол кезде облыстық мал тұқымдарын асылдандыру бірлестігінің басшысы болатынмын. Ол өзі туралы біршама жойттерді айтқаннан кейін кеніштің қосалқы шаруашылығын ұйымдастыру үшін асыл тұқымды ірі қара мал бастарын сұрай келген екен. Сондай-ақ, есіме түсіп отырғаны, бірлестік ауласында тұрған бірнеше «УАЗ» зертханалық көліктерін көргеннен болуы керек, ол кеніштің демалыс орнына адамдар тасуға қолайлы екен деп, сатып алығсы келетіні де айтты. Осыдан бастап біздің қызметтік қарым-қатынастарымыз басталды. Руслан Борисович жаңа құрылған бірлестіктің материалдық-техникалық базасын жақсартуға көп көмегін тигізді.

Негізінен, көріс халқы еңбекқор, жермен жұмыс істеуге мейлінше икемді болып келеді ғой, бірақ та Русланның сондай жауапты да, табысты қызметтерді иелене отыра, ауыл шаруашылығы саласына құштарлығына таң қаласын. Кейінде мен Жезқазған облыстық тәжірибе станциясын басқарғанда, үш жыл егін егу науқанына байланысты қажеттіліктерді фьючерлік келісім шарт негізінде (кейін ауыл шаруашылығы өнімдері түрінде қайтару) қаржыландырып отырды. Жасыратыны жоқ, кейде біз міндеттемелерімізді толықтай орындай алмай да қалған кездер болды. Осындайда оның «жомарттығы» да жоғары болатын.

Шет ауданы әкімі қызметінде болғанымда, Руслан Борисович,

Владимир Сергеевич Ким бастаған «Қазқмыс» корпорациясының бір топ азаматтарымен ауданда болып, кейінде ауданның 70 жылдық мерекесінде, белгілі саятшы (құс бегі) Тілеуқабыл Есімбекұлының шетелдік (Австрия) сайысқа қатысуына демеушілік жасады, сондай-ақ, ауданның экономикалық-әлеуметтік дамуына байланысты біршама өзекті мәселелердің шешілуіне ықпал етті.

Кейде Руслан Борисович: «Мен Жезқазған кен-металлургия комбинатының барлық кенішінде (Оңтүстік, Солтүстік, Шығыс және Батыс) директор болдым, себебі мені қай кеніштің жұмысы ақсай бастаса, сонда жіберіп отыратын» – деп айтатын. Рас, айтса айтқандай, тау-кен өндірісінің кәсіби білікті маманы, сауатты-ұйымдастырушы еді.

Осындай қарым-қатынастарымыздың арқасы болуы керек, үлкен балам Алмастың тау-кен инженері атанып, тәжірибелі маман болуына да Русланның есепі болды. Еңбек жолымның бір кезеңдерінде осындай азаматпен таныс болғанымды мақтан ете, марқұмның отбасына, туған-туыскандарына көңіл айтамын.

Қазақ ауыл шаруашылығы академиясының академигі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы К. САРХАНОВ

Қарағанды облысы білім басқармасы Жезқазған қаласы білім бөлімінің «№8 гимназиясы» КММ директоры Сара Түгелбайқызы Әбдікереваға қызы **Арайлымның** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Марқұмның жатқан жері жарық, топырағы торқа болып, нұры пейіште шалқығай.

«Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы М. Қоңырбаев

Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ-нің «Жезқазған қалалық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы» филиалы мен Қарағанды облысы білім басқармасының «Жезқазған қаласы білім бөлімі» ММ «№8 гимназиясы» КММ директоры Сара Түгелбайқызы Әбдікереваға қызы **Арайлымның** қайтыс болуына байланысты орны толықтай сауаттасып көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын!

«Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ-нің «Жезқазған қалалық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы» филиалы төрайымы Л.Күнеділова

Қарағанды облысы білім басқармасы Жезқазған қаласы білім бөлімінің «№ 8 гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Сара Түгелбайқызы Әбдікереваға баласы **Арайлым ТҮГЕЛБАЕВАННЫ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты №8 гимназиясы ұжымы қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

68 жасқа қараған шағында еңбек ардагері, бүкіл ғұмырын «Қазгидромет» саласында өткізген, өзіне жүктелген міндеттердің барлығын абыроймен атқара білген, ұзақ жылдары Жезқазған гидрометбиоросының бастығы қызметін атқарған **Жанұрбай Салғұлулы РАЙМБЕКОВТИ** қайтыс болғанына байланысты отбасына, туыстары мен бала-шағасына қайғырып көңіл айтамыз. Жарқын, ерекше жан еді. Біздің есімізде мәңгі осындай болып қалады.

«Қазгидромет» РМҚ Қарағанды облысы бойынша филиалының басшылығы мен ұжымы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ЖСЖК» АҚ Сізден **2021 жылғы 10 қыркүйекте** келесі мәтіндегі хабарландыруды жариялауды сұрайды:

«Жылу және сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ әкімшілігі бекітілген бағдарламаға сәйкес келесі мерзімдерде, 2021-2022 ж. жылу маусымының аяқталуы бойынша кварталдық және магистралдық жылу жүйелерінің тығыздығына гидравликалық сынақтаулар өткізілетіні туралы Жезқазған қаласының тұрғындарына жеткізеді.

1. №3 жылу желісі – (1,2,3,4,5,5а,6,7,10,15,16,19,21,22,60 кварталдар)
2021 ж. 20 қыркүйекте – кварталдық ж/желілері
2021 ж. 20 қыркүйекте – магистралдық ж/желілері
2. №11 жылу желісі – (1-ден 6-шы шағын аудандар, 8,9,60,91-ден 94-ке дейінгі орамдар, Бекболатсай (Рыбачий), Қостанкелді (Комбинатский) шағын аудандары)
2021 ж. 14 қыркүйекте – кварталдық ж/желілері
2021 ж. 14 қыркүйекте – магистралдық ж/желілері
3. №9 Жылу желісі – 23-тен 33-ке дейінгі орамдар, 61-ден 69-ға дейінгі, 76-ден 79-ға дейінгі, 80-нен 85-ке дейінгі орамдар, Асылбеков көшесі, Қарағанды көшесі, Бөгенбай батыр шағын ауданы (п.Пристанционный)
2021 ж. 22 қыркүйекте – кварталдық ж/желілері
2021 ж. 22 қыркүйекте – магистралдық ж/желілері

Тығыздыққа гидравликалық сынақтаулар өткізу кезеңіне кәсіпорындардың барлық басшылары, жеке кәсіпкерлер, ПИК, Жезқазған қаласының Бөгенбай батыр шағын ауданындағы (п.Пристанционный), Бекболатсай (Рыбачий), Қостанкелді (Комбинатский) шағын аудандарындағы, 91-94 орамдардағы жеке тұрғын үй иелері, ішкі жылу жүйелерін басқару тораптарындағы жапқыш жабдықтарды жабулары қажет.

Аталған күндері жылу жүйелеріндегі және басқару тораптарындағы тұтынушылардың қосу мен сөндіру әрекеттерінен пайда болған салдарға «Жылу және сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ жауапкершілік жүктелмейді.

Анықтамалар 74-46-57 телефоны бойынша.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «ПТВС» просит Вас опубликовать объявление **10 сентября 2021 года** следующего содержания:

Администрация АО «Предприятие Тепловодоснабжения» доводит до сведения жителей г. Жезказған о том, что согласно утвержденной программы, будут проводиться гидравлические испытания на плотность кварталных и магистральных тепловых сетей по окончании отопительного сезона 2021-2022 гг. в следующие сроки:

1. Теплосеть №3 (квартал 1,2,3,4,5,5а,6,7,10,15,16,19,21,22,60)
20 сентября 2021 г. – кварталные т/сети
20 сентября 2021 г. – магистральная т/сеть
2. Теплосеть №11 (микрорайоны с 1-го по 6-й, кварталы 8, 9, 60, с 91-го по 94-й, м-к-н Бекболатсай, (Рыбачий) мк-н Қостанкелді (Комбинатский))
14 сентября 2021 г. – кварталные т/сети
14 сентября 2021 г. – магистральная т/сеть
3. Теплосеть №9 (кварталы с 23-го по 33-й, с 61-го по 69, с 76 по 79, с 80 по 85, ул. Асылбекова, ул. Карагандинская, мкрн. Бөгенбай батыр (пос. Пристанционный)
22 сентября 2021 г. – кварталные т/сети
22 сентября 2021 г. – магистральная т/сеть.

На период проведения испытаний по тепловым сетям на плотность всем руководителям предприятий, частным предпринимателям, КСК, владельцам индивидуальных жилых домов в мкрн. Бөгенбай батыр (пос. Пристанционный) мкрн. Бекболатсай (Рыбачий), мкрн. Қостанкелді (Комбинатский), 91-94 кварталов, г. Жезказған необходимо закрыть запорную арматуру на узлах управления внутренних отопительных систем.

АО «Предприятие Тепловодоснабжения» не несет ответственности за последствия, вызванные самостоятельными действиями потребителей по отключению и включению в узлах управления и на тепловых сетях в перечисленные дни.

Справки по телефону 74-46-57.

БСН 050340007333, ЖСК KZ09856000005225027, БСК КСЖВКЗКХ «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.

Меншік иесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
 Директор – бас редактор **Нұрлан Бақытұлы ИСМАИЛОВ**

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі – №569. 08.07.1997 ж.)

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет редакцияның өз компьютер орталығында теріліп, беттелді. Қарағанды қаласында «Типография «Арқо» ЖШС баспаханасында (Сәтбаев к-сі, 15) офсеттік тәсілмен басылды.

Таралымы – 2000. Көлемі – 4 баспа табақ. Тапсырыс № 35. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады.

100600, Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 63/3. http://saryarqa.info E-mail: sa_jez@mail.ru whatsapp +7 708 420 19 88
 Директор – бас редактор: 20-19-88, 71-07-01, бухгалтерия/факс: 71-00-55, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛНАМАСЫ



Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының бұйрығымен Жезқазған қалалық тарихи-археологиялық музейінің басшысы болып Раушан Оңқонысқызы Қапарова, сонымен қатар Серке Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалы-драма театрының директоры қызметіне Еркебұлан Қайруллаұлы Жұмакенов тағайындалды.

«Шалқыма» би ансамблі кіші тобы онтүстік астанада өткен бишілердің халықаралық «Қысқы ертегі» конкурсына қатысып, бас жүдені иеленіп қайтты. Ансамбль жетекшісі Мақпал Садықова. Қазақстан Жазушылар одағы, Журналистер одағы, Театр қайраткерлері одағының мүшесі, ҚР мәдениет қайраткері, жазушы, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Алпаз Қаражігітовтің шығармашылығына арналған «Қайсарлықты үйренген дала қыран» атты әдеби кеш өтті.

Ақпан айында «Жезқазған, Сәтбаев, Ұлытау ақсақалдарының алқасы» қоғамдық бірлестігі құрылды. Қоғамдық бірлестік заңды тұлға ретінде Қарағанды облыстық әділет басқармасында тіркеліп, 16 қаңтар күні мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алды. Бірлестік төрағасы болып Күзембай Сүттібаев тағайындалды.

Кеңгір су қоймасы жағалауында 20-шы Бүкіләлемдік Қысқы Универсиаданы қолдау мақсатында оқушылар, студенттер және ересектер арасында жалпы қалалық «Шаңғы-2017» жарысы өтті. Жарысқа Жезқазған қаласы бойынша 15 мектеп, 9 колледж қатысты.

Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының 2017 жылғы 7 сәуірдегі бұйрығына сәйкес Қаныш Төлеулы Назарымбетов Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы болып тағайындалды.

«Жезқазған маржандары» хорының он жылдық мерейтойы кең көлемде аталып өтті. Хор мүшелері өзінің тыңдармандарымен Халықтар достығы мен мәдениет үйінде есептік концертін берді.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер, «Тарлан» сыйлығының лауреаты, профессор Жанат Әубәкірұлы Хаджиев өмірден өтті.

Қазақ кино өнеріндегі әдеттегі туындылардан бөлекше, айтары астарлы, арқауы – психологиялық ішкі ой иірмдеріне құрылған жаңа фильм Жезқазғанда дүниеге келді. «Наза» деп аталатын фильмнің авторы – Қазақстан Театр қайраткерлері одағының және Жазушылар одағының мүшесі Кенжебай Ахметов.

13 сәуір күні Қарағанды қаласынан шыққан стансалар мен оларға тау орналасқан елді-мекендердің тұрғындарына қызмет көрсету үшін «Саламатты Қазақстан» консультативті-диагностикалық медициналық пойызы Жезқазғанға келді.

Халықтық мерекеге айналған халық шығармашылығы мен көркемөнерпаздар өнерінің XXVII аймақтық «Ұлытау үні» фестивалі өз мәресіне жетті.

Ақтөбе облысының 85 жылдық мерейтойына орай Ақтөбе қаласында өткен республикалық ақындар айтысында Қарағанды облысының намысын қорғаған жезқазғандық Төлеген Жаманов айтулы айтыскерлердің арасынан топ жарып, Бас бәйгеге иеленді. Бабы мен бағы келіскен жерлесімізге тиесілі жүлде – 2 000 000 теңгені сертификатын облыс әкімі Бердібек Сапарбаев табыстады.

Халықтар достығы мен мәдениет үйінде 2016-2017 оқу жылындағы озаттарды марапаттау салтанаты өтті.

Жезқазғандағы Қ.Сәтбаев атындағы тарихи-өндірістік музейінің бастамасымен майдан даласында қаза тауып, халқаралық кеткен жерлестеріміз іздетіріліп, Сталинград түбіндегі қырғын соғыста ерлікпен қаза тапқан көптеген жерлестеріміздің жерленген жерлері анықталды.

«Жастар-Отанға» партиялық жобасы аясында «Нұр Отан» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов Жезқазған және Сәтбаев қалаларының озат тұлғаларына «Алтын белгі» және «Үздік аттестат» иегерлеріне салтанатты жағдайда құрмет көрсетті.

Маусым айында қаламызда тұңғыш рет Байытушылар мерекесі жеке мейрам ретінде аталып өтті. Бұл күні «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС-і Жезқазған кен байыту өндіріс кешенінің еңбеккерлеріне марапат пен құрмет көрсетілді.

Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов жұмыс сапарымен Жезқазғанға келді. Қала әкімдігінде актив жиынын өткізіп, Жезқазғанды дамытудың 2017-2019 жылдарға арналған үш жылдық жоспарымен таныстырды.

Журналист Балтабек Әбеуовтің журналистік жазбалары жинақталған «Қасиет» атты алғашқы кітабы жарыққа шықты.

Отандық мұнай құбыры тасымалын дамыту саласында ауқымды жұмыстар атқарып отырған «ҚазТрансОйл» АҚ өзінің 20 жылдығын атап өтті. Магистральдық мұнай құбырлары желілерінің жалпы ұзындығы 5,4 мың шақырымды құрайды. Компания 7 мың жұмыс орнын қамтамасыз етіп отыр.

«Қазақ АІГ» әуе компаниясы 19 тамыздан бастап Астана-Жезқазған бағытында жаңа әуе рейсі ашылғандығын хабарлады.

Қыркүйек айында қала күніне орай №10,13 жалпы білім беретін мектептерде көпсалалы қорт ел игілігіне берілді.

Сапары Моңғолияның Кентай аймағынан басталған «Кентайдан Ұлытауға дейін: тарихи жадның жаңғыруы» III халықаралық экспедициясы Ұлытау өңіріне келіп, әлем тарихында көрнекті орын иеленетін Жошы хан, Домбайұлы кесенелері мен Алаш баласының бірлігінің символы Алаша хан мазарында болды.

Қазан айының 2-7 күндері аралығында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Сыр өңірінде жезді қала – Жезқазғанның мәдени күндері өтті.

Қаламызда ерекше білім қажеттілігі бар балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық түзету сыныбы ашылды.

Қаламызда жырау, ақын, би, шешен, батыр Кетбұқа баба ескерткіші ашылды. Октябрь Секемановтың жетекшілігімен, мүсіншілер Асқар Нартов пен Серік Рүстембековтің шығармашылығынан туындаған ескерткіш қала халқын бір қуантты. Ескерткіш қоладан құйылып, тұғыры гранитпен қапталған. Жалпы биіктігі – 10,5 м.

С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрының 45 жылдық мерейтойы аясында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Тарлан» сыйлығының лауреаты Жанат Хаджиев атындағы I аймақтық театрлар фестивалі салтанатты түрде ашылды. Өнер мерекесіне Алматы, Астана, Қарағанды қалаларынан келген 8 театр қатысты.

Елбасы Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 5 желтоқсандағы №594 Жарлығымен мемлекеттік және қоғамдық қызметте сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін қарт қалагер, өлкетанушы, еңбек ардагері Сағындық Үсенұлы Қожамсейітов, өнер сардағы, «Жезқазған маржандары» ардагерлер хорының жетекшісі Жаркылық Шоқтаев «Құрмет» орденімен, сондай-ақ өңірдің атымталы Бекзат Алтынбеков, денсаулық сақтау ісінің үздігі, дәрігер Бейсен Қолбаев «Шапағат» медалімен марапатталды.

«Жезқазған қаласы мемлекеттік архиві» КММ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ. Жаз айларында Жезқазған өңірінде қазақ-жоңғар арасындағы шайқас өткен алаңқайдың жанында «Білеуті» этно ауылы ашылып, аймақ тұрғындарына тарихтан сыр шертеген болатын. Одан әрі жалғасын тапқан шара тамыз айының 27-і мен 29-ы аралығында Бұланты шайқасы өткен тарихи орындарға экспедиция жұмыстарын жүргізді. Аталған жобаның бірінші кезеңі де мәресіне жетті. Осыған байланысты Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде «Білеуті-2021» тарихи-танымдық экспедициясының алғашқы кезеңінде атқарылған жұмыстар нәтижесімен таныстырылу, зерттеу қорытындысымен бөлісу мақсатында баспасөз конференциясы ұйымдастырылды.

«БІЛЕУТІ-2021»: I КЕЗЕҢ СӘТТІ АЯҚТАЛДЫ



Туристік маршрут жасап қана қоймай, осы жердегі жер-су атауларына топономикалық зерттеу жүргізді, олардың шығу тарихын, халық аузындағы аңыз-әңгімелермен танысуды мақсат еткен шараға Есенгелді Сариев, Марат Жұбанышов сынды өлкетанушылар, тарихшы Қабдол Әуезов, фотографтар – Александр Савельев пен Татьяна Ломоносова және туризм саласының мамандары Әлихан Жақыпбеков, Бауыржан Битен, сондай-ақ экспедиция жетекшісі Кешубай Байділдинов қатысты.

Баспасөз конференциясында алғашқы болып сөз алған Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің директоры Раушан Қапарова аталған шараның тек Жезқазған-Ұлытау аймағы үшін ғана емес, республикалық көлемде маңызы зор екеніне тоқталды. – 1726 жылы Шұбартеңіз шайқасында қазақ жасақтарынан ойсырай жеңілген жоңғарлар кейін шегінді. Бұланты мен Білеуті өзендері аралығындағы ұрыста қазақ қолы жоңғарларды Ұлытауға жеткізбей

тоқтатты. Міне, осы шайқас тарихта Бұланты-Білеуті шайқасы деп аталды. 1728 жылғы көктемінде Ұлытау етегінде Бұланты өзенінің жағасында, Қара сиыр атты жерде қазақ әскері жоңғар қолымен ірі шайқасқа түсті. Бұл шайқаста қазақ сарбаздары жауға үлкен соққы берді. Қиян-кескі соғыста қалмақ жағы оңдаған мың адамынан айырылды. Бұланты шайқасы қазақ жасақтарының үлкен ерік-жігерін, қайтпас қайсарлығын, арыстандай айбатын, жолбарыстай қайратын көрсетті. Осындай ел та-

рихында алтын әріптермен жазылған елеулі оқиғаны кеңінен зерттеп, келешек ұрпаққа жеткізу жолында тамшыдай болса да үлесімізді қосып жатқанымызды мәртебе санаймыз, – деген музей басшысы 2022 жылдың шілде-қыркүйек айларында экспедицияның екінші кезеңі жалғасын табатынын жеткізді.

Шара соңында Раушан Қапарова барлық экспедиция қатысушыларына ризашылығын білдіріп, алғыс хат табыс етті.

Ай СУҒІР

ЖАҢАШЫЛ КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Жезқазған қаласының Балалар мен жасөспірімдер кітапханасында 2021 жылдың I қыркүйегінде кітапхананың жас оқырмандарына арналған «Біліміден ақыл шығар» атты ашық есік күні өтті.



Шараға №11 жалпы орта мектебінің 5 «В», 6 «Ә» сынып оқушылары және сынып жетекшілері Аяулым Бақыт, Мейрамқұл Еламан белсене қатысты.

Кітапхана фойесінде оқырмандарға кітаптардан кітаптың негізгі элементтері мен және құрылымымен жақсырақ танысып, мазмұнын, қажеттілігін және қызықтылығын білуге үйренді. Супермұқаба, титулдық бет, серия, аннотация, иллюстрация сынды жаңа терминдермен танысты. Сабақ барысында балалар тапсырмалар орындап, кітаптың барлық құрылымдық элементтерін өз бетінше таба білді.

Одан кейін оқу залына келген оқырмандар кітапхана тарихы, кітап қоры туралы мол ақпарат алды. Кітапханашы балаларға кітап оқудың қаншалықты маңызды екенін, оны қалай дұрыс қолдану керектігін айтып, «Біліміден ақыл шығар» атты кітап көрсеміне библиографиялық шолу жасады.

Балалар мен жасөспірімдер кітапханасында ұйымдастырылған шара «Келіңіз! Қараңыз! Оқыңыз!» деген ұранмен өткізілді. Шара соңында жас оқырмандар кітапханашыларға алғысын білдіріп, өз әсерлерімен бөлісті.

Динара СЕКСЕНБАЕВА, Балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ!

ОТПЕН ОЙНАМА БАЛАҚАЙ!

Балалардың отпен ойнауы жиі өрт тудырады. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай өрттер көбінесе балалардың отпен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларының жоқтығынан, ересектер балалардың мінез-құлқын жеткіліксіз бақылауынан және кейбір жағдайларда ата-аналардың балалардың бос уақытын ұйымдастыра алмауынан болады.

Үш жасан жеті жасқа дейінгі балалар өз ойындарында көбінесе ересектердің жұмысына еліктеп, әрекеттерін қайталайды. Тәуелсіздікке деген ұмтылыс әсіресе балалар жалғыз қалған кезде айқын көрінеді. Үйде жалғыз қалған баланың сіріңке қоршауымен ойнағысы келмейтініне, қағазға от қойғысы келмейтініне сенімді бола алмайсыз. Құрметті ата-аналар, балалардың өртпен ойнау мәселесі өте өткір. Басты міндет – ықтимал қайғылы жағдайдың алдын алу, жақын болу және тіпті бір қадам ала жолжу екенін ұмытпаған жөн. Балалардың кесірінен болатын өрттің және басқа да оқиғалардың санын азайтып, жарақат алу мен жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін біздің сіздердің күштеріміз балалармен күнделікті алдын-алу жұмыстарына бағытталуы керек. Ең алдымен, балалардың іс-әрекеттері үшін біз, ересектер жауаптымыз.

Балаларға жаман мысалды көрсетпеңіз: қараңғы бөлмелерді жарықтандыру үшін қағазды жақпаңыз. Сірңкелерді балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Ешқандай жағдайда үйде электр құралдарының ақаулы немесе қолдан жасалған түрін қолданбаңыз. Қауіпсіздік талаптарына әйкестік сертификаты бар, құрылымын электр қуат көзінен автоматты түрде ажыратуға арналған қондырғылар құрылымына ғана пайдалануға болады. Есіңізде болсын, кішкене абайсыздық үлкен қауіпке әкелуі мүмкін.

Егер сіз балалар өздігінен от жағатынын, сіріңкелермен және шамдармен, жаңғыш сұйықтықтармен ойнайтындығын көрсеніз, олардың қасынан айналып өтпеңіз, бей-жай қарамаңыз, оларды тоқтатыңыз!

Балалар арасында өрттің алдын алу мақсатында балалар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсе өрттің пайда болу қаупі азаяды. Бүкіл ел карантинде, оқушылар қашықтан оқитыны бар, үйде кішкентай балалар, кейде балалар үйде жалғыз қалады, ересектердің бақылауынсыз және осы қиын сәтте ересектер балаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұмытпауы керек.

Төтенше жағдайда «101», «112» өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың бірінғай телефоны бойынша (барлық ұялы байланыс операторлары) қоңырау шалыңыз. Өзіңізге және жақын адамдарыңызға қамқорлық жасаңыз!

М.ИБАЙДУЛЛА, Жезқазған қаласы ТЖБ ОМББ инженері азаматтық қорғау лейтенанты

COVID – 19

ВАКЦИНА АЛУ – ЖОҒАРЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ КӨРІНІСІ

COVID-19 індетін жұқтырушылар қатары өткен айларға қарағанда азайғанымен, арманы келсе салуға әлі де ерте. Халықтың басым бөлігінде ұжымдық иммунитет қалыптасқаны рас, дегенмен вакцина алған ел тұрғындарының үлесі мекелі 70 пайызға жете қоймай. Осы тұста көрші елдердің инфекцияны дәрігерлер оқушылар мен студенттер сабаққа қайта оралған күз айларында індет жұқтыру көрсеткіші қайта артып кетуі мүмкін екендігінен де ескерініп отыр.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қазіргі таңда коронавирустың 4 штамы аса қауіпті екенін айтады. Олар: альфа, бета, гамма және дельта. Аталған төртеуінің ішіндегі ең қауіптісі – дельта штамы. Көбіне жастар жігіт жұқтыратын үндістандық дельта штамымен ауырған адамда бас ауруы, тұмау, ангина, жоғары дене қызуы кездеседі. Коронавирустың бастапқы белгілері сияқты иіс сезу жоғалмайды, жөтел де көп болмайды. Оның қауіптілігі бұл штамының бұрынғы штамдарға қарағанда 60%-ға жұқпалылығында. Орташа алғанда, бір адамнан 5-6 адам жұқтырады, ал айналымдағы штамдардан 3-4 адамға жұға-

ды. Штамының инкубациялық кезеңі – жеті күн. Галымдар зерттеулері коронавирустың үнді штамынан ауруханаға жаптызу мен өлім-жітімнің ықтималдылығы жоғары екенін алға тартуда және өкініштісі бұл тәжірибе жүзінде де дәлелденіп отыр.

Соңғы аптада Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының назарын аударған штамм – мио. Колумбиядан бастау алған мио штамы жыл басында-ақ белгілі болып, бүгінге дейін әлемнің 40 елінде таралып үлгерген. Осынау штамм туралы дереккөз аз, оны қазіргі таңда ДДСҰ-ның галымдары жігі зерттеп жатыр. Мамандар мио штамына вакцина салынған,

антидене қалыптасқан адам ағзасы да төтеп бере алмауы мүмкін деген қауіп барын да жасырмады.

Ауру қауіпті әлі де сейілмей тұрған бүгінгі сәтте маскалық режимді естен шығармай, әлеуметтік арақатынасты сақтау, кісі қарсы қалың жерлерге бару-дан бас тарту аса маңызды. Өз өміріңіз бен жақындарыңыздың амандығы тікелей сіздің азаматтық жауапкершілігіңізге байланысты екенін естен шығармағаныңыз абзал.

Коронавируспен қарсы екпе алып, емін-еркін жұмыс істеуге мүмкіндік алған жас мамандардың бірі – №13 орта мектептің мұғалімі Бекзат Әуелбек. Ұжымда соңғылардың бірі болып, екпе алған ол, бұл шешіміне еш өкінібейтінін айтады.

– Білім саласының қызметкерлері де алғашқылардың бірі болып, сәуір айынан бастап COVID-19 індетіне қарсы вакцина ала бастады ғой. Әр түрлі себептермен осы мәселені кейінге қалды-

ра беріппін. Кейіннен жан-жағымдағы достарым, әріптестерімнен екпе алғандардың жай-күйі жақсы екенін, алаңдауға еш себеп жоғын, керісінше екпе алмаған азаматтардың денсаулығы құрделеніп, жансақтау бөліміне түсіп жатқанынан хабарлар болды. Ел ішінде вакцина алуға мүлде қарсы азаматтар қатары да баршылық. Дегенмен заманауи медицинаға сенім артқанды жөн санаймын. Осылайша «Спутник V» вакцинасын алдым. Алғашқы компонентін алғанда денем сырқырап, тұмау белгілері пайда болғандай, мазам қашып ауырғаным рас. II компонентте ешқандай кері әсер байқамадым. Ұстаз болған соң, алдыма қаншама бала келеді. Вакцина салдыру арқылы өзімнің де, олардың да өміріне төндіретін қауіпті азайтқанымна қуанамын, – деген ол өзге де екпе алмаған қала тұрғындарына қорықпай дұрыс шешім қабылдауға кенес беретінін айтты.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН